БЕКІТІЛГЕН
Ғылыми кеңес шешімімен
(20.01.2021 күнгі № 7 хаттама)

САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ РЕЖИМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ РЕГЛАМЕНТІ

Ақтау, 2021

МАЗМҰНЫ

1	МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ	3
2	ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР	3
3	ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР	3
4	ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР	3
5	САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ РЕЖИМДІ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ НОРМАЛАРЫ	4
6	САБАҚТАРДЫҢ ӨТКІЗІЛУ ТӘРТІБІ	5
7	ЖАТАҚХАНАДА ЖҮРІП-ТҰРУ ТӘРТІБІ	5

1. МАҚСАТЫ ЖӘНЕ ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

1.1. Оқу процесін ұйымдастыруда санитарлық-эпидемиологиялық режимді қамтамасыз ету РЕГЛАМЕНТІ (ары қарай - Регламент) білім беру процесін ұйымдастыруда коронавирус инфекциясының таралуына жол бермеу мақсатында санитарлық-эпидемиологиялық талаптарды сақтау шаралары мен әрекеттерін анықтайды.

1.2. Осы Регламент төмендегі құжаттар негізінде жасалған:

1) ҚР ведомствоаралық комиссиясының 20.12.2020 күнгі шешімі;

2) ҚР БҒМ Коронавирустық инфекцияның таралуына жол бермеуге байланысты шектеу шаралары кезеңінде жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының оқу процесін ұйымдастыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдары, 03.09.2020 күнгі № 381;

3) ҚР БҒМ 06.01.2021 күнгі № 14-4/23-ВН хаты;

4) ҚР БҒМ «Коронавирустық инфекцияның таралуына байланысты шектеу шаралары кезеңінде білім беру ұйымдарында оқу процесін іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы» 2020 жылғы 13 тамыздағы № 345 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» 14.01.2021 күнгі № 15 бұйрығы;

5) ҚР БҒМ 11.01.2021 күнгі көктемгі семестрге дайындық бойынша өткізілген отырысының хаттамасы;

6) Маңғыстау облысы бас мемлекеттік санитарлық дәрігердің 08.01.2021 күнгі № 1 қаулысы;

7) «Есенов Университетінде санитарлық қауіпсіздікті қамтамасыз ету Регламенті», ғылыми кеңестің 21.05.2020 күнгі № 12 хаттамасымен бекітілген.

2. ҚЫСҚАРТУЛАР МЕН БЕЛГІЛЕУЛЕР

Есенов Университеті	–	Ш. Есенов атындағы Каспий технологиялар және инжиниринг университеті
ҚР БҒМ	–	Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
СЭР	–	Санитарлық-эпидемиологиялық режим

3. ТҮСІНІКТЕМЕЛЕР МЕН АНЫҚТАМАЛАР

Нұсқаулықта төмендегі түсініктемелер мен анықтамалар қолданылады:

1) аралас оқыту – дәстүрлі аудиторияда және қашықта оқыту технологияларын пайдаланып білім беруді қатар қолдану процесі;

2) әлеуметтік қашықтық – инфекцияның таралуын болдырмау немесе баяулату үшін сақталатын қашықтық;

3) санитарлық-эпидемиологиялық режим – инфекцияның алдын алу мақсатында оңтайлы санитарлық-гигиеналық жағдайлар жасау іс-шараларының кешені

4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Осы Регламенттің талаптарын университеттің барлық қызметкерлері мен білім алушылары бірдей орындауға міндетті және жауапты.

4.2. Оқу процесі аралас оқыту форматында ұйымдастырылады: дәрістер – онлайн, қолданбалы сипаттағы семинарлар, зертханалық және практикалық сабақтар – СЭР-ді сақтай отырып, аудиториялық форматта өткізіледі.

4.3. Аудиториялық сабақ ұзақтығы 40 минут, үзіліс 10 минут.

5. САНИТАРЛЫҚ-ЭПИДЕМИОЛОГИЯЛЫҚ РЕЖИМДІ

ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУ НОРМАЛАРЫ

5.1. **Білім беру қызметін ұйымдастыруға қойылатын талаптар:**

1) академиялық топтардың үзілісте шоғырлануын болдырмау үшін жылжымалы сабақ кестесін жасау;

2) семинар және практикалық сабақтар өткізгенде аудитория толымдылығы 40%-дан аспау (әлеуметтік арақашықтық 2 метр);

3) лабораториялық жұмыстар жасағанда аудитория толымдылығы 5 ш.м.-ге 1 адамнан болуын сақтау;

4) аудиторияларда әлеуметтік қашықтықты сақтап отыру үшін арнайы белгілер қою;

5) спорт залында әлеуметтік арақашықтық 1 ш.м.-ге 1 адамнан болуын қамтамасыз ету, бұл ретте залдың толымдылығы 40%-дан аспауы керек, спорт нысандарына баруды алдын-ала тіркеудің мүмкіндіктерін қарастыру;

6) кітапханаларға баруға алдын-ала жазылуды қамтамасыз ету;

7) кітапханаларда 4 сағат сайын ылғалды тазалау, 3 сағат сайын желдету не кварцтеу, 1 метрлік әлеуметтік арақашықтықты қамтамасыз ету;

8) оқу ғимараттарының әр қабатында бетперде тағуды, ара қашықтықты сақтауды ескертетін белгілерді жапсыру, қол санитайзерлерін қою;

9) оқу сабақтарының арасындағы үзілісте аудиторияның санитариялық өңдеуін өткізу, желдету немесе кварцтау;

10) оқу сабақтары уақытында дәліз бен ортақ пайдалану орындарын желдету, санитариялық өңдеуін өткізу, ылғалды тазалық жұмыстарын 2-3 сағат сайын жүргізу;

11) тамақтану орындарында 2-3 метр әлеуметтік арақашықтықты сақтау белгілерін қою;

12) көпшілікпен қолданылатын жабдықтардың беттеріне үнемі дезинфекция жасау;

13) ортақ орындарда санитарлық тәртіп пен ара қашықтықтың сақталуын, түрлі академиялық топтардың үзілісте шоғырланбауын қамтамасыз ету үшін кезекшілік ұйымдастыру;

14) қоғамдық іс-шараларды ұйымдастыруда СЭР-дің сақталуын қамтамасыз ету;

15) аудитория сабақтарын өткізуге 65 жастан асқан тұлғаларды және ауруы бойынша диспансерлік есепте тұрған тұлғаларды тартуды шектеу, денсаулығына байланысты факторларды ескеру.

5.2. **Жеке тұлғаларға (білім алушы, ПОҚ, басқа қызметкерлер) қойылатын талаптар:**

1) ғимаратқа кіргенде дезинфекциялық тоннель арқылы өтіп, дене қызуын өлшету;

2) ғимараттарға кіргенде және іште барлық уақытта бетпердемен жүру;

3) қол дезинфекциясын жасау;

4) барлық жерде әлеуметтік (1,5 - 2 метр) ара қашықтықты сақтап жүру;

5) ғимарат ішінде оқшаулану: қызметкерлер - кабинеттерде, білім алушылар - сабақ кестесіне сай аудиторияларда;

6) аудиторияларда қызыл лентамен белгі қойылған орындарға отырмау;

7) дәліздерде жүрмеу, ортақ орындарда үш адамнан артық топтаспау;

8) «Тыныс алу этикетін» сақтау қажет: түшкіргенде немесе жөтелгенде ауыз бен мұрынды жабу;

9) сабақ мезгілінде білім алушының күй-жағдайы болмау белгілері байқалғанда жедел түрде медициналық кабинетке жіберу;

10) сабақ аяқталған соң оқу ғимаратынан шығып кету;

11) респираторлық инфекцияның белгілерін, өзін нашар сезінгенде, үйде қалу. Дене қызуы, жөтел немесе ентігу болғанда, міндетті түрде өзі тіркелген емханада тексеруден өту.

6. САБАҚТАРДЫҢ ӨТКІЗІЛУ ТӘРТІБІ

6.1. Сабақтар оқу кестесіне сай бекітілген аудиторияларда өткізіледі. Оқытушыларға өз еркімен аудиторияларды ауыстыруға болмайды.

6.2. Жалпы пәндердің бірнеше сабақтарында білім алушылар аудитория ауыстырмайды, тек ПОҚ ауысады.

6.3. Сабақ кезінде ПОҚ құрамы білім алушылардың аудиторияда бетперде киіп, әлеуметтік қашықтықты сақтап отыруын қадағалайды.

6.4. Сабақ уақытында білім алушының күй-жағдайы болмау белгілері байқалса, оқытушы оны жедел түрде медициналық кабинетке жіберуге міндетті.

7. ЖАТАҚХАНАДА ЖҮРІП-ТҰРУ ТӘРТІБІ

7.1. Жатақханаға орналастыруды СЭР-ді ескере отырып жүзеге асыру (дене қызуын өлшеу, қашықтандыру, дезинфекциялаушы құралдармен үнемі өңдеу, және т.б.).

7.2. Жатқханаға жаңа орналасқан және белгілі себептермен ұзақ уақыт болмаған білім алушының денсаулық жағдайына орналасқан күннен немесе қайтып келген күннен бастап 14 күнтізбелік күн ішінде мониторинг жүргізіледі.

7.3. ЖРВИ-дің көрінетін белгілері (жөтел, түшкіру, мұрыннан ағу) болған тұрғындар жатақхананың изолятор бөлмесіне оқшауландырылып, бақылауға алынады;

7.4. Жатақханадан шығуға оқу сабақтарына қатысу, азық-түлік дүкендері мен дәріханаға бару үшін және ерекше жағдайларда рұқсат етіледі. Жатақханаларға бөгде адамдардың кіруіне жол берілмейді.

7.5. Жатақхана ішіндегі ортақ орындарға бару уақыт бойынша реттеледі

7.6. Білім алушылар жатақханадан уақытша шыққан кезде жатақханадан шығу уақытын, қайтып келу уақытын және баратын орынды көрсетіп, күзет қызметі журналына жазба қалдырады.

7.7. **Білім алушылар міндеттеледі:**

1) өз бөлмелерінде болуға және жатақханадағы басқа бөлмелерге бармауға;

2) азық-түлік дүкендері мен дәріханалардан басқа қоғамдық орындарға барудан бас тартуға, жатақхана аумағынан шығуды шектеуге;

3) жатақхана отрақ орындарда бетперде киюге;

4) ЖРВИ-дің көрінетін белгілері (жөтел, түшкіру, мұрыннан ағу) болған жағдайда жатақхана меңгерушісіне немесе тәлімгерге жедел хабарлауға;

5) сырттан оралғаннан кейін қолды антисептикпен немесе сабынмен мұқият жууға;

6) санитарлық тәртіп пен жауапкершілікті арттыруға жәрдемдесуге;

7) өздері тұратын бөлмелерді үнемі санитарлық тазартуды жүргізуге.

ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№№	Қызметкердің, білім алушының аты-жөні	Құжаттпен танысқан күні	Танысушы тұлғаның қолы
1.			
2.			
3.			
4.			
5.			
6.			
7.			
8.			
9.			
10.			
11.			
12.			
13.			
14.			
15.			
16.			
17.			
18.			
19.			
20.			
21.			
22.			
23.			
24.			
25.			
26.			
27.			
28.			
29.			
30.			
31.			
32.			
33.			
34.			
35.			
36.			
37.			
38.			
39.			
40.			
41.			
42.			
43.			
44.			
45.			
46.			
47.			
48.			

49.			
50.			
51.			
52.			
53.			
54.			
55.			
56.			
57.			
58.			
59.			
60.			
61.			
62.			
63.			
64.			
65.			
66.			
67.			
68.			
69.			
70.			
71.			
72.			
73.			
74.			
75.			
76.			
77.			
78.			
79.			
80.			
81.			
82.			
83.			
84.			
85.			
86.			
87.			
88.			
89.			
90.			
91.			
92.			
93.			
94.			
95.			
96.			
97.			
98.			

99.			
100.			
101.			
102.			
103.			
104.			
105.			
106.			
107.			
108.			
109.			
110.			
111.			
112.			
113.			
114.			
115.			
116.			
117.			
118.			
119.			
120.			
121.			
122.			
123.			
124.			
125.			
126.			
127.			
128.			
129.			
130.			
131.			
132.			
133.			
134.			
135.			
136.			
137.			
138.			
139.			
140.			
141.			
142.			
143.			
144.			
145.			
146.			